

педагогикаға қосқан орасан зор үлесі - қазақ халқының болашақпен байланыстыратын алтын көпірі. Ө.Жәнібеков салған жол - ұлттық мұраға құрмет, тарихи жадыны сақтау, руханиятты бағалау, мәдениетті дамыту жолы. Тәуелсіздіктің рухани кеңістігін қалыптастыруда, қазақтың мәдени иммунитетін көтеруде оның атқарған қызметі - баға жетпес құндылық болып саналады. Бүгінгі ұрпақ тау тұлға қайраткердің еңбектерін тек құрметтеп қана қоймай, оларды әрі қарай дамытуға міндетті. Себебі ұлттық мәдениетті сақтау - үздіксіз еңбек, ал мәдени мұраны қорғау - әрбір азаматтың борышы. Өзбекәлі Жәнібекұлы қалдырған мұра - бүгінгі қазақ қоғамының рухани тірегі, болашаққа бағдар беретін шамшырағы. Оның ұлт алдындағы еңбегі ешқашан ұмытылмайды және ол қазақ руханияты тарихында мәңгілікке сақталады. Бұл еңбектерде ол ұлттық өнердің тарихын, салт-дәстүрлердің философиясын, қазақ өркениетінің мәдени негіздерін жүйелі түрде талдаған.

Пайдаланылған әдебиетер тізімі:

1. Жолдасбеков М. Асылдарым. IV том. Эсселер. Ойлар. Тебіреністер. - Астана: Күлтегін, 2012. - 360 б.
2. Жәнібеков Ө. Қазақ киімі. - Алматы: Дәуір, 1996. - 189 б.
3. Ө.Жәнібеков Алматы: 2011 (2кітап) 318 б.
4. Өзбекәлі Жәнібеков. Алматы: Қазақстан баспа үйі, 2012. - 240 б.

МҰХАМЕДЖАН СЕРАЛИН ЖӘНЕ АЙҚАП

Шарбек М.Қ.

Ғылыми жетекші - т.ғ.к., қауым.профессоры Туяқова А.Е.
Астана халықаралық университеті,
madinasharbek@gmail.com
Астана қ.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамы отарлық езгінің күшеюімен, әлеуметтік жіктелудің тереңдеуімен және ұлттық сана оянуының басталуымен ерекшеленді. Дәл осы тарихи жағдайда қазақ халқының қоғамдық ой-пікірінде ағартушылық, жаңғыру, реформалық бағыттағы қозғалыстар белсенді түрде өрбіді. Бұл қозғалыстардың басты мақсаты, халықтың сауатын ашу, ұлттық бірлікті нығайту, мәдени прогреске қол жеткізу және замана талабына сай елдің даму бағытын айқындау болды. Осы тарихи кезеңде қазақ баспасөзінің алғашқы үлгілері дүниеге келіп, ұлттық журналистиканың іргетасы қаланды. Олардың ішінде ерекше орын алған «Айқап» журналы. Бұл басылым қазақ халқының рухани жаңғыруының, ұлттық идеяның және қоғамдағы пікірталастың орталығына айналды. Ал оның негізін қалаушысы әрі бас редакторы Мұхамеджан Сералин болды.

М. Сералин өз заманының озық ойлы тұлғасы, қоғам қайраткері, жазушы және публицист. Ол қазақ халқының даму жолындағы басты кедергілерді анықтап, оларды ағартушылық, мәдени және рухани жаңғыру арқылы шешуді ұсынды. Оның публицистикасы ұлттық журналистика мектебінің қалыптасуына негіз болған, кәсіби тіл, дәлелді ой, қоғамдық жауапкершілік пен ұлттық мүддені үйлестірген жаңа сапалы үлгі. Осы мақалада Мұхамеджан Сералиннің өмірі мен шығармашылық қызметі, оның «Айқап» журналы арқылы қалыптастырған ағартушылық және реформаторлық идеялары, сондай-ақ қазақ журналистикасының кәсіби негіздеріне қосқан үлесі қарастырылады.

Мақаланың басты мақсаты, Мұхамеджан Сералин қазақ журналистикасының кәсіби және идеялық қалыптасуындағы іргелі тұлға болып табылады. Ол «Айқап» журналы арқылы ұлттық сананы ояту, халықты мәдени және саяси тұрғыдан жетілдіру ісінде шешуші рөл атқарған. Сералиннің редакторлық қызметі мен публицистикалық мұрасы қазақ қоғамындағы алғашқы кәсіби баспасөз дәстүрін, журналистік этика мен жауапкершілік мәдениетін орнықтырды деген болжам алға қойылады.

Қазақ қоғамының XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси дамуында баспасөздің орны ерекше болды. Ұлттық баспасөз халықтың ой-санасын қалыптастыратын, жаңалық пен пікірдің негізгі арнасы. Мұхамеджан Сералин осы үдерістің алдыңғы қатарында болып, қазақ қоғамын жаңғыртудың рухани жетекшісіне айналды.

Бүгінгі таңда ақпараттық қоғам дәуірінде ұлттық журналистиканың бастауларын зерттеу тек тарихи қызығушылық емес, сонымен қатар, ұлттық ақпараттық қауіпсіздік пен мәдени кодты сақтау тұрғысынан да маңызды. Сералиннің идеялары халықтың өзін-өзі тануы, қоғамдық пікірді мәдениет пен білім негізінде қалыптастыру туралы қазіргі заманға да өзектілігін жоғалтпаған құндылықтар.

М. Сералиннің өмірі мен шығармашылығын зерттей отырып, оның қазақ журналистикасының қалыптасуындағы тарихи және мәдени рөлін айқындау. Міндеттеріне біріншіден, М. Сералиннің өмір жолын, білім алған ортасын және қоғамдық қызметін сипаттау.

«Айқап» журналының шығу тарихы мен идеялық бағытын талдау. Сералиннің публицистикасындағы ағартушылық және реформаторлық идеяларды ашу. Ұлттық журналистика мектебінің қалыптасуындағы Мұхамеджан Сералиннің орны мен ықпалын анықтау. Замандас зиялылармен байланысы мен көзқарас үндестігін көрсету.

Мақала тарихи-салыстырмалы, жүйелі талдау және деректанулық әдістерге сүйеніп жазылды. Сонымен қатар контенттік талдау, салыстырмалы публицистикалық тәсілдер қолданылды. Зерттеу барысында Мұхамеджан Сералиннің мақалалары, «Айқап» журналының сандары, сондай-ақ замандас зерттеушілер мен тарихшылардың еңбектері пайдаланылды.

Мұхамеджан Сералин туралы алғашқы зерттеулер ХХ ғасырдың ортасында пайда болды. Б. Кенжебаев оның публицистикасын қазақ әдебиетінің жаңа дәуірімен байланыстырды [1, 54 б.]. Т. Қожакеев «Қазақ журналистикасының тарихы» еңбегінде Мұхамеджан Сералинді ұлттық баспасөз мектебінің негізін қалаушылардың бірі ретінде бағалады Қ. Алпысбаев пен М. Қозыбаев еңбектерінде «Айқаптың» ағартушылық және саяси маңызына ерекше назар аударылады Соңғы жылдары зерттеушілер С. Қирабаев, Б. Әбдіғазизұлы, А. Күзембайұлы еңбектерінде Сералиннің идеологиялық ұстанымдары мен ұлт тағдырына қатысты көзқарастары жаңаша тұрғыдан талданды. [2, 118 б]

Мұхамеджан Сералин 1872 жылы қазіргі Қостанай облысының Қараторғай өңірінде дүниеге келді. Әкесі Сералы мен анасы Қадияша қарапайым, бірақ сауатты адамдар болған. Отбасы баланың оқуына ерекше көңіл бөлді. Мұхамеджан алғаш ауыл молдасынан арабша хат танып, кейін Қостанайдағы екі сыныптық орыс-қазақ училищесін тәмамдады.

Жасынан орыс тілін меңгерген ол Л. Толстой, И. Тургенев, А. Чехов сияқты жазушылардың еңбектерімен танысты. Сонымен қатар шығыс классиктерінен Сағди, Низами, Фирдоуси еңбектерін оқыды. Осылайша Шығыс гуманизмі мен Батыс рационализмі оның дүниетанымында тоғысты.

Оның тұлғалық қалыптасуына Ресей империясының саяси ахуалы, 1905 жылғы революция, мұсылмандық қозғалыстардың күшеюі және татар баспасөзінің тәжірибесі зор әсер етті. Мұхамеджан Сералин өз өмірін халықтың сауатын ашуға арнады. Ол ауыл мұғалімі болып, оқу бағдарламаларын енгізуге атсалысты. Сол кезеңде қазақ қоғамында оқу орындарының тапшылығы, оқу құралдарының жоқтығы үлкен мәселе еді. Сералин осы олқылықты жоюды көздеді. 1900-жылдардың басында ол Қазан, Уфа, Орынбор, Троицк қалаларында болып, мұсылмандық баспасөздің жұмысымен танысты. Бұл тәжірибе оның ұлттық баспасөз ашу идеясын бекітуге себеп болды. Мұхамеджан Сералин халықты прогреске жетелеудің жолын революцияда емес, мәдени эволюцияда көрді. Ол реформалар арқылы ұлттық даму мүмкін екенін дәлелдеуге тырысты. [3, 207 б]

М. Сералиннің қоғамдық көзқарастары Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатов сияқты Алаш көсемдерінің идеяларымен үндес болды. Бірақ айырмашылығы Мұхамеджан Сералин қарулы күреске емес, бейбіт мәдени жаңғыруға басымдық берді. Ол «Қазақ» газетінің идеясын қолдай отырып, кей тұстарда пікірталасқа да түсті. Мұхамеджан Сералин үшін ең маңыздысы, қоғамның рухани және білімдік дамуы еді. 1911 жылы Троицк қаласында алғашқы саны жарық көрген «Айқап» журналы қазақ халқының қоғамдық ойының жаңа кезеңін ашты. Атауының өзі өкініш пен үміттің символы («Ай, қап!»). Журналдың басты мақсаты, халықты оқу-білімге шақыру, ұлттық бірлікті күшейту, мәдениет пен ғылымды тарату, әйел теңдігі мен шаруашылық мәдениетін дамыту болды. Журнал төрт жыл (1911-1915) үздіксіз шығып, барлығы 88 саны жарық көрді. Бұл сол кезеңнің қаржылық және саяси қиындықтарына қарамастан үлкен жетістік еді.

«Айқап» журналы ХХ ғасырдың басындағы қазақ қоғамының саяси, әлеуметтік, мәдени дамуына бағытталған ең ықпалды басылымдардың бірі болды. Журналдың мазмұнын қалыптастыруда негізгі мақсат қазақ халқын жаңғырту, қоғамдық сананы көтеру және ұлттық мүддені қорғау еді. Осыған байланысты оның құрылымы жүйелі, мазмұны жан-жақты, ал бағыт-бағдары нақты болды. Журналдың әр саны тұрақты түрде бірнеше негізгі бөлімдерден тұрды. Бұл құрылым қалыптасқан баспасөздік тәжірибеге ғана емес, қазақ оқырманын мақсатты тәрбиелеу мен қоғамдық пікірді қалыптастыру стратегиясына сүйенді, ішінде қарастырылған маңызды мәселелерге жер мен қоныс мәселесі, әкімшілік басқару жүйесі, реформалардың қажеттілігі, ұлттық бірлік пен өз болашағы жөніндегі пікірталастар болды.

Журнал мазмұнының негізгі өзегінің бірі білім беру мәселесі. Мұнда мектеп ашу, мұғалім даярлау, оқу бағдарламаларын жетілдіру, оқулық шығару, қыз балаларды оқыту секілді мәселелер жан-жақты талқыланды. Білімді ұлттық жаңғырудың ең басты құралы деп санаған журнал бұл тақырыпқа үнемі ерекше орын берді. Журнал қазақ қоғамындағы әйелдердің құқығы, олардың білім алуы, неке мәселесі, тұрмыстық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі сияқты тақырыптарды батыл көтерді. [4, 67 б]

Журнал қазақ қоғамының экономикалық тұрақтылығын арттыру бағытында бірқатар мақалалар жариялады. Онда мал шаруашылығы, егіншілік, жерді тиімді пайдалану, ауылдағы несие, қарыз, салық жүйелері, жаңа техникалар мен құралдарды енгізу сияқты мәселелер қарастырылды.

Журналда көркем шығармалар, өлеңдер, әңгімелер, әдеби сын мақалалар жарияланып отырды. Бұл қазақ әдебиетінің жаңаруына, жас қаламгерлердің қалыптасуына, әдеби пікірталастың дамуына ықпал етті. Әр аймақтан келген хаттар, пікірлер, ұсыныстар, оқиғалар жайлы ақпараттар берілді. Оқырман дауысы журнал мазмұнының маңызды бөлігіне айналып, қоғамдық диалог қалыптасты.

«Айқап» мазмұны тек жаңалық жеткізумен шектелмей, қазақ қоғамын жүйелі түрде тәрбиелеуге бағытталды. Мазмұндық құрылым үш басты ерекшелікке сүйенді

1) Ұлттық мәселелерді ашық талқылау, Жер саясаты, оқу-ағарту, әйел теңдігі, халықтың тұрмысы, ру аралық қатыстар сияқты тақырыптар бірінші рет ашық әрі ғылыми талқыланды.

2) Мәдени-ағартушылық бағыттың басымдығы, Журналдың кез келген мақаласы халықты білімге, мәдениетке, еңбекке шақыруға бағытталды.

3) Үнемі нақты ұсыныс беру, Журнал тек мәселе көтеріп қана қоймай, оны шешудің нақты жолдарын ұсынды: мектеп ашу жолдары, мұғалім даярлаудағы тәсілдер, жерді бөлудегі әділдік қағидалары, әйелдерді оқыту қажеттілігінің дәлелдері, шаруа мен кәсіпті дамыту үшін ұсыныстар.

М. Сералин редактор ретінде демократиялық және этикалық принциптерді ұстанды. Ол мақалаларды дәлелсіз жариялауға тыйым салды, әр пікірдің ғылыми және қоғамдық негізі болуын талап етті, оның жазып кеткен ойы бойынша:

«Журналистің борышы - халыққа шындық айту, бірақ оны іріткі емес, ілгері ұмтылу үшін айту керек» [6, 62 б].

Мұхамеджан Сералин реформизм бағытын ұстанды. Ол Ресей империясының құрамында өмір сүріп отырған қазақ халқының жағдайын мәдени прогресс арқылы жақсартуға болатынын дәлелдеуге тырысты. Ол әлеуметтік әділет, ұлт теңдігі, білім мен әйел еркіндігі туралы мақалалар жазды. Мысалы, «Біздің кемшіліктеріміз» атты мақаласында қазақ қоғамындағы жалқаулық, ру таласы, білімге немқұрайлылық мәселелерін өткір сынға алды. [7, 44 б].

М. Сералин қазақ қоғамында әйелдің орнын көтеру мәселесін күн тәртібіне қойды. «Қыздар халі», «Қыз баланы оқыту керек пе?» сияқты мақалаларында әйелдің білім алуын ұлттың болашағымен байланыстырды.

«Қызды оқытпай елдің көзі ашылмайды, өйткені ұлттың тәрбиешісі - ана» деп жазды [8, 38 б].

Мұхамеджан Сералин «Айқап» журналында ауыл шаруашылығы мен кәсіпті дамытуға арналған мақалалар жариялап, халыққа егіншілік, мал өсіру, жаңа техника жайында мәліметтер берді. Бұл публицистика мен практикалық өмірді ұштастырған жаңа бағыт еді

Сералин журналистикаға тіл мәдениетін, логикалық дәлдік пен жауапкершілікті енгізді. Ол журналисті қоғамның ұстазы ретінде қарастырды. Оның мақалалары ғылыми дәлелге, әлеуметтік талдауға, адамгершілік принципке сүйенді. Бұл кәсіби журналистика мектебінің бастамасы болды.

Мұхамеджан Сералин редакторлық еткен «Айқап» журналы қазақ баспасөзінің ғана емес, жалпы ұлттық ой-сана эволюциясының жаңа кезеңін қалыптастырды. Бұл басылым төңірегіне топтасқан жас қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері кейін қазақ әдебиеті мен журналистикасының жетекші тұлғаларына айналды.

Ғалым Т. Қожакеев айтуы бойынша:

«Айқап - қазақ журналистикасының тұңғыш мектебі, ал Сералин - сол мектептің алғашқы ұстазы» деп жазады [2, 118 б].

Бейімбет Майлиннің алғашқы шығармашылық жолы дәл осы «Айқап» журналымен байланысты. Ғалым Б. Кенжебаев Майлиннің ерте шығармаларының мазмұны Сералин көтерген әлеуметтік тақырыптармен үндес екенін атап көрсетеді [1, 256 б].

Майлиннің алғашқы әңгімелері мен өлеңдері 1913-1914 жылдары «Айқап» бетінде жарық көріп, оның азаматтық көзқарасының қалыптасуына ықпал етті. Мұхамеджан Сералиннің редакторлық түзетулері мен кеңестері туралы кейінгі естеліктерде да бірнеше дерек бар.

Сұлтанмахмұт Торайғыров 1913-1915 жылдары «Айқапта» қызмет атқарып, Сералиннің негізгі шығармашылық серіктерінің бірі болды.

Ал С. Қирабаевтың осы жағдай бойынша өз пікірінде:

«Торайғыровтың әлеуметтік-публицистикалық ойының қалыптасуына 'Айқаптағы' екі жылдық тәжірибесінің ықпалы ерекше» деп көрсетеді [4, 143 б].

Сералин мен Торайғыров арасындағы идеялық үндестік әсіресе білім, әйел теңдігі, ауыл мәселелері жайындағы мақалаларынан айқын көрінеді. «Айқаптағы» қызметі Сұлтанмахмұттың дүниетанымын жүйелеп, оның публицистикадағы бағытын анықтады. Мұхамеджан Сералиннің

идеялары тек шеңбердегі авторларға ғана емес, жалпы қазақтың жаңа дәуірдегі интеллектуалдық ортасына ықпал етті. М. Қозыбаев Сералин туралы «Ұлттық ойдың мәдени-демократиялық арнаға түсуіне Сералин еңбегі ерекше әсер етті» дейді [3, 214 б].

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогикасы», Аймауытовтың әлеуметтік мәселелерге арналған мақалалары және Сейфуллиннің алғашқы публицистикасы «Айқаптағы» ағартушылық миссиямен астасып жатыр. Олар да Сералин сияқты қоғамдық прогресті мәдениет пен білімге сүйеніп түсіндіруге тырысты.

Сералин мектебі тек ұлттық зиялылар арасында емес, кеңестік дәуірдің алғашқы журналистерінің де кәсіби қалыптасуына әсер етті. «Айқаптағы» стильдік ерекшеліктер, дәлдік, тіл тазалығы, әлеуметтік талдау кейінгі «Еңбекші қазақ», «Қызыл Қазақстан», «Әйел теңдігі» басылымдарында айқын байқалды.

Ә. Тәжібаев осы жағдай бойынша өз ойын осылай білдірген:

«Қазақ кеңес публицистикасы өз бастауын Сералин мен 'Айқап' мектебінен алды» деп жазады. [10, 64 б].

Мұхамеджан Сералиннің қазақ журналистикасының кәсіби қалыптасуына қосқан үлесі оның редакторлық ұстанымдары мен публицистикалық стилінде айқын көрінеді. Ол «Айқап» журналы арқылы қазақ баспасөзін құрылымдық, жанрлық және тілдік жағынан жаңа деңгейге көтерді. «Айқап» беттерінде ақпараттық хабарлар, публицистикалық мақалалар, әлеуметтік очерктер және әдеби сын тұрақты түрде жарияланып отырды.

Сералин публицистикасында тілдің тазалығына, сөйлемнің түсініктілігіне және ойдың жүйелілігіне ерекше назар аударды. [2, 132 б].

М. Сералиннің қалыптастырған журналистік принциптері: тіл тазалығы, деректік дәлдік, мақаланың логикалық құрылымы, қоғамға пайдалы мазмұн, ұлтқа қызмет ету, кейін бүкіл қазақ журналистикасының кәсіби нормасына айналды. Ол баспасөзді ұлттық өзіндік сананы оятатын рухани мінбер ретінде таныды. Бұл бағдар ХХ ғасыр бойы қазақ журналистикасының бағыт бағдарын анықтап берді.

М. Сералиннің бастамасымен журналистика нақты жанрларға бөлінді, Ақпараттық хабар, Пікір-талдамалық мақала, Әлеуметтік очерк, Сын мен публицистикалық эссе. Ол жазудың ғылыми дәлдігі мен тіл мәдениетін талап етті. Мұхамеджан Сералин ұлттық журналистиканың ғана емес, қазақ халқының рухани өрлеу тарихының көрнекті өкілі. Ол журналистиканы ағартушылық, мәдени және саяси сана қалыптастырудың құралына айналдырды. «Айқап» журналы арқылы М. Сералин ұлттың өзіндік ақпараттық кеңістігін қалыптастырды. Оның еңбектері қазақ қоғамындағы алғашқы кәсіби журналистика мектебінің негізін салды. Сералин көтерген идеялар білім, мәдениет, әйел теңдігі, ұлттық бірлік бүгінгі Қазақстан үшін де өзекті. Оның публицистикасы ұлттық журналистиканың этикалық, гуманистік және азаматтық бағытын айқындап берді.

Мұхамеджан Сералин ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамының рухани жаңғыруына зор үлес қосқан ұлы тұлға. Ол өз еңбектері арқылы ұлттың мәдени және саяси санасын көтеріп, журналистиканы қоғамдық өзгерістердің құралына айналдырды.

«Айқап» журналы арқылы М. Сералин халықтың мұң-мұқтажын, елдің болашағына қатысты күрделі сұрақтарды ашық талқылады. Оның ағартушылық идеялары мен реформалық көзқарасы ұлттық баспасөздің мазмұндық және кәсіби деңгейін жаңа сатыға көтерді. М. Сералиннің мұрасы ұлттық журналистиканың бастауы ғана емес, бүгінгі тәуелсіз ақпараттық кеңістіктің де іргетасы. Оның публицистикасындағы ізгілік, әділдік, білім мен мәдениетке ұмтылу идеялары қазіргі Қазақстан қоғамына да бағыт-бағдар бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебаев Б. Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері. - Алматы: Ғылым, 1973. - 320 б.
2. Қожакеев Т. Қазақ журналистикасының тарихы. - Алматы: Санат, 1995. - 287 б.
3. Қозыбаев М. Ақиқат пен аңыз. - Алматы: Білім, 1998. - 372 б.
4. Қирабаев С. Ұлт рухы және әдебиет. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. - 280 б.
5. Сералин М. Айқап журналы. - Троицк, 1912. - №1. - 8 б.
6. Әбдіғазизұлы Б. Қазақ баспасөзінің қалыптасу кезеңдері. - Алматы: Атамұра, 2009. - 350 б.
7. Байтұрсынұлы А. Ақ жол. - Алматы: Жазушы, 1991. - 96 б.
8. Күзембайұлы А., Әбдіғазизұлы Б. Қазақ халқының тарихы. - Алматы: Атамұра, 2009. - 356 б.
9. Қирабаев С. Қазақ әдебиеті және ұлттық сана. - Алматы: Ғылым, 1998. - 310 б.
10. Тәжібаев Ә. Қазақ публицистикасының қалыптасуы. - Алматы: Мектеп, 1985. - 245 б.